

## **6. ТАҚЫРЫП. Бюджеттік құқықтық нормалар және бюджеттік құқықтық қатынастар**

Қаржылық құқықтық қатынастар - құқықтың нормаларымен реттелген қаржылық экономикалық қатынастар. Қаржылық құқықтық қатынастардың өздеріне тән белгілері:

1. Олар мемлекеттің қаржылық экономикалық қатынастарды құқықпен реттеуінің нәтижесінде пайда болады және олардың құқықтық формасы болып саналады.
2. Қаржылық құқықтық қатынастардың объектісі ақшалар немесе ақшалай міндеттемелер болып табылады.
3. қаржылық құқықтық қатынастардың міндетті субъектісі мемлекет болып табылады.
4. қаржылық құқықтың қатынастар мемлекеттік өктем сипатта болады.
5. қаржылық құқықтық қатынастар мемлекеттің ақшалай қорларын қалыптастыруға бөлуге және пайдалануын ұйымдастыруға байланысты процестерді білдіреді.

Маңызы бойынша қаржылық құқықтық қатынастар материалдық және ұйымдастырылуы бойынша болып бөлінеді.

Материалдық қаржылық құқықтық қатынастар ақша қаражаттарының тікелей қозғалысын білдіреді.

А) төлеушілерден қандай да болмасын мемлекеттік қорға өтуі арқылы оның қалыптасу процесін көрсетеді.

Б) бір қордан басқа қорға өтуі арқылы мемлекеттің ақша қаражаттарын бөлу процесін көрсетеді.

В) қордан мемлекеттік ақша қаражаттарын нақты алушыға.

Ұйымдастырылуы бойынша қаржылық құқықтық қатынастар мемлекеттің ақша жүйесін және оның қаржылық құрылымын қаржылар саласындағы басқару органдарының жүйесін қорларды қалыптастыру және бөлу процестерін жоспарлауды ұйымдастыру сондай-ақ мемлекеттің ақша қаражаттарын пайдалануға бақылау жасау процестерін білдіреді.

Қорларға байланысты қаржылық құқықтық қатынастар былайша бөлінеді:

1. бюджеттік

2. қаржылық-банктік
3. қаржылық-сақтандыру
4. қаржылық-шаруашылық
- 

Құқықтық реттеу әдісіне байланысты қаржылық құқықтық қатынастар біржақты өктем және шартты болып бөлінеді.

Біржақты - өктем қаржылық құқықтық қатынастар мемлекеттің біржақты өмірінің негізінде пайда болады және өктемдік және бағыныштылық моделі бойынша құрылады.

Шартты қаржылық құқықтық қатынастар екі жақтың келісіміне негізделеді.

Мемлекет нақтылы қаржылық құқықтық қатынастарда өзінің қаржылық қызметін жүзеге асыра отырып мына төмендегідей көрініс табуы мүмкін:

1. тұтастай өзі
2. а) мемлекет атынан;  
б) өзінің атынан бірақ мемлекеттің тапсырыуымен және оның мүддесін көздей отырып іс әрекет жасайтын өзінің органы арқылы.

Қаржылық құқықтық қатынас субъектілері мемлекеттік органдардың белгілері:

1. осы органдардың қызметтері мемлекеттің қаржы жүйесінің құрамына кіретін ақша қорларын қалыптастыру бөлу және пайдалануды ұйымдастыру процестерін көрсетеді.
2. бұл субъектілер өздеріне тиісті өктем өкілеттілік берілген мемлекеттік орган ретінде есептелінеді.
3. олардың іс әрекеттері жалпы мемлекеттік мүддемен анықталады.
4. осы әрекеттер барысында мемлекет функциялары жүзеге асырылады.
5. осы туындайтын қоғамдық қатынастар өздерінің құқықтық және экономикалық белгілері бойынша қаржылық болып табылады.

Қаржылық құқықтық қатынас субъектілерінің түрлері:

1. мемлекеттің біртұтас өзі
2. мемлекеттік өкімет және басқару органдары
3. өздерінің өкілді және атқарушы органдары арқылы әкімшілік аумақтық құрылымдар

4. заңды тұлғалар

5. жеке тұлғалар.

Қаржылық құқықтық қатынас субъектілерінің өз құқықтарын қорғау әдістері

Билік жүргізуші субъект өзінің мүдделері мен құқықтарын:

А) қаржылық берешектерді біржақты мәжбүрлі түрде өндіріп алу Б) қаржылық берешетерді сот арқылы өндіріп алу

В) кінәлі тұлғаларды әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тарту жолымен қорғайды.

Бағынышты субъектілер өздерінің мүдделерін

А) қаржылық органдар мен олардың лауазымды адамдарының әрекеттерін олар бағынышты органға айтып шағымдану;

Б) қаржылық органдарының әрекеттеріне сот арқылы шағымдану жолымен қорғайды.

Қаржылық құқықтық қатынастардың пайда болуы өзгеруі және тоқтатылуы негіздері.

Қаржылық құқықтық қатынастардың пайда болуы өзгеруі және тоқтатылуы негіздері қаржылық заңдарда көзделген заңды фактілер болып табылады.

Заңды фактілерге қимылдар және оқиғалар жатады.

Әрекет ерік білдіру нәтижесі болып табылатын заңды фактілер яғни адамдардың саналы қызметтерінің нәтижесі. Әрекеттер құқыққа сай және құқыққа сай емес болып бөлінеді. Оқиғалар адамдардың еркінен тыс пайда болатын заңдық мәні бар фактілер. Мемлекеттің қаржылық қызметінің құқықтық негіздері қаржылық қызметтің жалпы бастамасын оның принциптерін міндеттері мен мақсаттарын қаржы жүйесінің құрылымын қаржылық экономикалық институттардың түрлерін сондай-ақ олардың ақшалай ұорларын білгілейтін қаржылық құқықтың жалпы бөлімінің институты. Қаржылық қызметтің құқықтық негіздері Қазақстан Республикасының Конституциясы мен қаржылық заңдар болып табылады. Қаржылық қызмет белгілі бір құқықтық формада жүзеге асырылады. Мемлекеттің қаржылық қызметінің құқықтық формалары қаржылық қызмет мәселелері бойынша өздерінің құзыреттерінің шегінде мемлекеттік органдар қабылдаған қаржылық құқықтық яғни заңды актілер болып табылады.

Қаржылық қызметтің құқықтық формаларына:

1. Нормативтік сипаттағы заң актілерін шығару
  2. мемлекеттің нақты қаржылық құқықтық қатынас субъектілерінің жүріс тұрыстарын реттеуіне қажетті дербес қаржылық құқықтық актілерді шығару.
  3. қаржылық шарттар жасау
- Мемлекеттің өзі субъектісі болып табылатын нақты қаржылық құқықтық қатынастыа өзінің құқықтары мен міндеттерінің жүзеге асыруы жатады.

Қаржылық құқықтық актілерді топтастыру:

заңдық маңызды бойынша

нормативтік

дербес

б) құқықтық табиғаты бойынша

заңдар

заңға сәйкес

в) құқықпен реттеу пәні бойынша

жалпы ұйымдастырушы

бюджеттік

банктік

сақтандыру

қаржылық шаруашылық

г) қаржылық құқықтық актілерді шығаратын органдар бойынша:

өкілді органдардың актілері

атқару органдарының актілері.

Қаржылық қызмет процесінде заңдылықты қамтамасыз етудің негізгі тәсілдері:

Конституциялық қадағалау

Прокурорлық қадағалау

Қаржылық құқықтық қатынастардан туындайтын істерді сотта қарау

Қаржылық бақылауды жүзеге асыру

Кінәлілерді жауапқа тарту.

Заңдылықты бұзуды қаржылық қызметтің субъексітінің біржақты билік жүргізуі арқылы жоюы.

Заңсыз әрекеттерге шағым беру.